

## **Электролиз зауыты инфрақұрылымының объектілерін салуға байланысты жер учаскелерін бір санаттан басқа санатқа ауыстыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 360 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 2 және 130-баптарына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпы алаңы 9,239 гектар жер учаскелері Павлодар, Ақсу қалаларының және Павлодар облысы Павлодар ауданының аумағында орналасқан орман қоры жерлерінің санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Жалпы алаңы 76,6237 гектар жер учаскесі қауіпсіздік мұқтаждары үшін Ақсу қаласының және Павлодар облысы Павлодар ауданының аумағында орналасқан "Ертіс өзені жайылмасы" мемлекеттік табиғи қорықшасы ерекше қорғалатын табиғи аумақ жерлерінің санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер санатына ауыстырылсын.

Электр беру желісін салу аяқталғаннан кейін жер учаскелерінің жоғарыда көрсетілген алаңынан 71,702 гектар заңнамада белгіленген тәртіппен ерекше қорғалатын табиғи аумақ жерлерінің санатына қайтаруға жатады деп белгіленсін.

3. Павлодар облысының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Павлодар электролиз зауыты" акционерлік қоғамына салынып жатқан Павлодар электролиз зауыты инфрақұрылымының объектілері ретінде темір жол және ЛЭП-500 кВ салуға жер учаскелерін беруді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

4. "Павлодар электролиз зауыты" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) ауыл және орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсатта пайдалану үшін ауыл шаруашылығы және орман алқаптарын алып қоюға байланысты туындаған ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірістерінің шығындарын республикалық бюджетке өтесін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

